Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 164

ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫ

Тастембекова Б.

Өнер орталығы – бұл қазіргі заманға сай түрлі өнер түрлерін, шығармашылық қайраткерлер мен оларды бағалаушыларды қосып, тамашаны қол жетімді етіп, күнделікті өмірден демалтып, рухани және бағалы мәңгілік мәдениетке шақырады.

Өнер – ішкі дүниенің бейнесін, ой, сезім немесе эмоцияны бейнелейтін шығармашылық үйлесімдісомдайтын үрдіс немесе қорытынды.

Көркемдік орталық (арт-орталық немесе өнер орталығы) көркемдік галерея және көркемдік мұражайдан ерекше.

Арт-Орталық барлық әлемнің жетекшілері мен суретшілері өз жобаларын іске асыра алатын әмбебап алаң, сонымен қатар:

- Таңдаған мамандығы бойынша теориялық және тәжірибелік білімді тереңдетіп, бекіту және оларды негізгі мақсатты орындау үшін қолдану;
- Шығармашылық, жобалық немесе зерттеу жұмыстарын орындауда өзіндік дағдыларын қалыптастыру және шығармашылық немесе ғылыми зерттеу және эксперименті жобалаудың әдістерін үйрену;
- Бұрынғы шеберлер мен қазіргі заманның суретшілерінің шығармашылығына сараптама жасап, дағдыларын бойға сіңіру және тәжірибелерін қолдану;
- Қазіргі заманғы өнер мен мәдениет дамуының жағдайында бітірушінің өзіндік шығармашылық немесе ғылыми жұмыс бойынша дайындығын көрсету;

Батыста өнер орталығы – өнер тәжірибелерін бағалайтын және әр түрлі қызмет көрсететін өзіндік табиғаты бар функционалды қоғамдық орталық. Өнер орталығы көрмеге немесе суретшілер жұмысына, семинарларға арналған орын даярлап, білім беру қызметтерін көрсетіп, техникалық жабдықтарды ұсынады және т.б.

Өнер орталығы сәулет өнері мен табиғаттың астасуының тамаша үлгісі болуы қажет. Композициялық көзқарас жағынан алғанда ғимараттың эстерьері мен интерьері, айнала жарқылдап, табиғи және жасанды аянның құрамы адаммен үздіксіз қарым қатынаста болып, оның өзгерімді қызметінің үрдісінде біртұтас болу қажет.

Өнер орталығы қоғамның рухани және мәдени дамуының басты орталығы болу керек.

Жетекші: сәулет өнерінің кандидаты Ш.Т.Абдыкаримова